

«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша талдамалық анықтамасы

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларды жою мақсатында жасалған іс шаралар жоспары негізінде және «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-нда (бұдан әрі – №7 АҚЕ) құрылған жұмыс тобы, сыбайлас жемқорлыққа ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды жою үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ұйымдастырды.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың 1 жартыжылдығы кіреді.

2.Кіріспе

№7 АҚЕ тұрғылықты аумақ бойынша емханаға тіркелген пациенттерге медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және консультациялық-диагностикалық көмекті қоса алғандағы амбулаториялық-емханалық көмек көрсетеді. №7 АҚЕ директоры Танбаева Гульнафис Абдиллаевна.

№7 АҚЕ мемлекеттік басқару органы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – мемлекеттік басқару органы) болып табылады.

№7 АҚЕ құрылтайшысы Атырау облысының әкімдігі болып табылады.

№7 АҚЕ өз қызметін ҚР «Конституциясы» ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, ҚР ДСМ-нің бұйрықтары мен кәсіпорын жарғысы негізінде атқарады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тарау 8 тармағы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттарда жүргізіледі:

1)бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2)бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2.Нормативтік құқықтық актілер негізінде медициналық қызмет көрсетуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Медициналық қызмет көрсетудегі Заңдар мен нормативтік – құқықтық актілер:

ҚР «Конституциясы»;

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;

ҚР «Еңбек кодексі»;

«Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР ДСМ м.а.-ның 05.01.2011 жылғы №7 бұйрығы;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» ЗаңыҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңы

ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.02.2015 жылғы №113 бұйрығы

Облыс әкімдігінің қаулылары және облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен №7 АҚЕ ішкі бұйрықтары.

3.Медициналық қызмет көрсетудегі нормативтік-құқықтық актілер негізінде болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі.

1."№7 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 70 (10 реабилитация, 40 ересек, 20 бала) кереуеттік күндізгі стационар жұмыс жасайды. Дәрігерлердің жолдамасы негізінде жатқызылған науқастар емдерін алған. Барлық іс-шаралар заң нормаларына сәйкес жүргізіліп, негіздемесіз атқарылмаған.

4.Басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін анықтау.

Қызметкерлерді басқаруда, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу кадрлар ауысымы және еңбек қақтығысын шешу мақсатында емханада, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт – Ұжымдық шарт жасакталуда. Ұжымдық шарт мерзімі аяқталғандықтан, жаңа шарт жобасына келісім жүргізіліп, жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында талқылануда. Кейін еңбек инспекциясына мониторинг үшін жолданатын болады.

Емханада штат саны 347,00 бірлікті құрайды. 305 қызметкер (61 бала күтімі демалысындағы қызметкерлер) жұмыс жасайды. Жалпы 2023 жылдың 1 жартыжылдығында 27 адам жұмысқа қабылданған және 19 адам жеке еңбек шартын өз бастамасы бойынша бұзған.

Емханада келісім комиссиясы жұмыс жасайды. Келісім комиссиясы құрамы 2022 жылдың қараша айында өзгертіліп, еңбек заңнамасына сай оқытудан өткен. Еңбек даулары аталған мерзімде болмаған. ҚР Еңбек кодексі негізінде жұмыс жасалып, заңдылықтар сақталған. Мүдделер қақтығысы айқындалған жоқ.

Жұмыс тобы бұл ретте, мекемедегі зейнеткер қызметкерлердің жұмыс жасап жүргендігін ескеріп, неге жас мамандар алмасқа деген ұсыныспен сыбайлас жемқорлық фактісін туғызушы мән жайлар ретінде емхана басшылығына ұсыныс берді.

Жұмыс тобының ұсынысы негізінде зейнеткер дәрігерлер қажет маман болғандықтан кадр тапшылығына сай еңбек шартын ұзартып отырғандығын, ал дәрігер емес мамандарды ұзартылған еңбек шарты аяқталған соң тоқтатылатындығын хабарлады. Жас маман келген жағдайда зейнеткер мамандардың орнына кедергісіз қабылданатын болады деп шешілді.

5.ҚР «Мемлекеттік сатып алу» заңы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі.

2020 жылы мемлекеттік сатып алулар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының талаптары негізінде жүзеге асырылған және де өткізілген сатып алуларда Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңының талаптарын бұзылуына ықпал ететін фактілері орын алмаған.

Өнім берушілермен электронды портал арқылы шарттарға отырылған, оның ішінде 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында тікелей бір көзден сатып алу тәсілі арқылы 10 шарт жасакталған. Алайда бұл шарттар заңнамалық актілер аясында тікелей отыруға рұқсат етілген жағдайлар, өнім берушілер болып табылады. Аталған уақытта сатып алулар бойынша бір ғана сот отырысы болған, бір талап арыз сотқа жолданған.

6.Мемлекеттік көрсетілетін қызмет.

№7 Атырау қалалық емханасында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік көрсетілетін қызметтері стандартына сәйкес "электрондық үкімет" веб-порталы және қағаз түрінде тегін жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі бойынша, бекітілген стандартқа сәйкес даярланған анықтама беріледі. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде мынадай қызметтер: дәрігердің қабылдауына жазылу 152330, алғашқы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу 2196 (1742-і егов арқылы), дәрігерді үйге шақыру 1852, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру 2775, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру 1792, АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексеру 2042, алдын ала міндетті медициналық қарап - тексеруден өту 478, жедел медициналық көмек көрсету 1971, емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру 3084, азаматтардың жекеленген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру 4936, санаторлық-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру 95 көрсетілді.

Азаматтарға анықтама беру қызметі үшін, әкімшілік тарапынан барлық жағдай жасалып отыр. Бұл қызметті көрсететін мамандар, бөлек кабинеттермен, оргтехникамен қажетті медициналық бұйыммен жабдықталған.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта атқарылған жұмыстар:

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету шеңберінде берілетін тегін дәрі-дәрмектердің есебі қатаң бақылауда ұсталады, заңмен бекітілген уақытта түгендеу жүргізіліп отырылады.

№7 АҚЕ-на келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері уақтылы қаралып, шешіліп отырылады. Сенім телефоны орнатылып, жауапты тұлға тағайындалған (нөмірі 467453, жауапты бас дәрігер орынбасары Умбеткалиева Нурханым Аубекеровна).

Арнайы стенд жасақталып, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Атырау облысы бойынша департаментінің жолдаған қазақ және орыс тілінде жазылған жадынамалары, басқа да көрнекі насихат плакаттары, ғимараттың көрнекі жерлеріне ілінген.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ұйым қызметкерлері арасында нормативтік актілер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жиналыстар, кеңестер өткізілді.

№7 АҚЕ Байқау Кеңесі 2021 жылы байқау кеңесі облыстық денсаулық сақтау басқармасының 12.01.2021 жылғы №11 бұйрығымен қайтадан құрылған. Кеңес құрамынан мекеме директорының шығарылуына байланысты кеңес отырыстары 2023 жылы 1 жартыжылдығында өткізілмеген және өткізуді тоқтату бойынша Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасынан хат жолданған. Қазіргі кезде кеңес құрамын толқтыру немесе жаңадан құру бойынша талқылану үстінде.

8. Мемлекеттік органдары тексеруі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі.


2023 жылдың 1 жартыжылдығында мемлекеттік органдармен жүргізілген тексерулер бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

9. Қорытынды.

Өткізілген ішкі талдау барысында №7 АҚЕ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде өзгеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Топ жетекшісі

Жұмыс тобының мүшелері:



Н.А.Умбеткалиева

Н.Ө.Көпжанов

А.С.Бухаева

А.Т.Кумарғалиева

Н.С.Аманжолова